



Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 26 сәуір N 475 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.11.15. N 1713 қаулысымен.
~P991713

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 U990006_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы ереже;

<*>

Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі

агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен.

P991093_

2.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.03. N 1301 қаулысымен.

P991301_

3. Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасына бір орынбасары болуға рұқсат етілсін.

4. "Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 мамырдағы N 433

P980433_

қаулысының (Қазақстан

Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 14, 124-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
26 сәуірдегі
N 475 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті
қолдау жөніндегі агенттігі туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Үкіметтің құрамына кірмейтін, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту саласында басшылықты, сондай-ақ заңмен көзделген шектерде салааралық үйлестіру мен басқа да арнайы атқару және шешім шығару функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен. P991093_

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге

де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары бар, мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

4. Агенттік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар нысанында актілер шығарады.

5. Агенттіктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093_

6. Агенттіктің заңды мекен-жайы:

473000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 2.

7. Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі республикалық мемлекеттік мекеме (Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі).

8. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Агенттіктің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

2. Агенттік негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде, оның ішінде оған қаржылық, техникалық және көмектердің өзге де түрлерін көрсету мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу және шаралар қабылдау;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қызметін үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасында және аймақтарда шағын кәсіпкерліктің даму үрдістеріне талдау жасау, шағын кәсіпкерлікті дамытуға кедергі жасайтын факторларды анықтау;

4) несие, инвестициялық және сауда саясатын, сондай-ақ шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне қатысты жекешелендіру саясатын қалыптастыруға қатысу;

5) шағын кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

11. Агенттік заңдарға сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік

бағдарламаларды ұйымдастырады және үйлестіреді;

2) шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және Үкіметке ұсынады;

3) мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп шағын кәсіпкерлік субъектілерін түрлі мемлекеттік тапсырыстар мен бағдарламаларды орындауға тартудың тәртібін айқындауға қатысады;

4) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржылық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми-техникалық әзірленімдер мен технологияларды пайдалануының жеңілдікті жағдайларын жасау туралы ұсыныс дайындайды;

5) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің заемның және басқа да қаражаттың есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық және инновациялық қызметін реттеу жөнінде ұсыныс әзірлейді;

6) шағын кәсіпкерлік саласында кадрларды даярлау қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамытуды қамтамасыз етеді;

7) республиканың аймақтарында шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымдарын қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдеседі;

8) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қоғамдық ұйымдарын (одақтарын, ассоциацияларын, конгрестерін) ұйымдастыруға қолдау көрсетеді және олармен іс-қимыл жасасады;

9) шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

10) жергілікті атқарушы органдарға шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шараларды әзірлеуде және іске асыруда жәрдем көрсетеді;

11) орталық және жергілікті атқарушы органдармен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне байланысты проблемаларды шешуде - өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

12) шағын кәсіпкерліктің жай-күйі мен оны мемлекеттік қолдаудың тиімділігіне талдау жасайды;

13) шағын кәсіпкерліктің даму үрдістерін анықтау және шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау бағдарламаларының тиімділігін айқындау үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сауалнама ұйымдастырады, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өзекті мұқтаждарын анықтайды;

14) орталық және жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау жөніндегі заңдарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесінің кемшіліктерін жою жөнінде қабылданған шаралар; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзушылықтар; Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің шағын кәсіпкерлікті

қолдау және қорғау жөніндегі актілерінің іске асырылу барысы туралы хабардар етеді, сондай-ақ олардың тиісінше орындалмауына кінәлі лауазымды тұлғаларды республиканың заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізеді;

16) мемлекеттік органдарға қарау үшін анықталған жолсыздықтарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы актілерінің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс енгізеді;

17) мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың және азаматтардың өтініштерін қарайды, шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері жөнінде қорытындылар ұсынады;

18) Үкімет пен тиісті мемлекеттік органдарға шағын кәсіпкерлікті қолдауды қамтамасыз ету мақсатында салық салу жүйесін жетілдіру қаржы және несие саясатын өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

19) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жекешелендіру саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

20) шағын кәсіпкерлікті дамытуға және қолдауға бағытталған қаржы қаражатын пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға қатысады;

21) шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды зерделеу мен талдауды жүзеге асырады;

22) шағын кәсіпкерлікті қаржылық, техникалық және инвестициялық қолдауды, оның сыртқы экономикалық қызметін үйлестіруді жүзеге асырады, шағын кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесетін шетелдік әріптестермен ғылыми-техникалық және өндірістік-коммерциялық байланыстар орнатуға ықпал етеді;

23) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

12. Агенттік негізгі міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен өз құзыретінің шегінде:

1) мемлекеттік мекемелер мен өзге де ұйымдардан шағын кәсіпкерлікті дамытуға қатысты мәселелер жөнінде қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

2) шағын кәсіпкерліктің дамуына қатысты мәселелер жөнінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды тексеруді жүзеге асыруға, олардың лауазымды тұлғаларын тыңдауға, ауызша және жазбаша түсініктемелер, құжаттар, анықтамалар және өзге де материалдар алуға;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін шағын кәсіпкерлікті

қорғау және мемлекеттік қолдау мәселелері жөнінде, сондай-ақ анықталған шағын кәсіпкерлікті қорғау және мемлекеттік қолдау жөніндегі заңдардың бұзылуын жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабардар етуге;

4) шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған нормативтік құқықтық

актілердің жобаларын әзірлеуге;

5) сарапшыларды тартуға, коммерциялық емес ұйымдармен, уақытша шығармашылық ұжымдармен шағын кәсіпкерліктің проблемалары жөнінде талдаулық шолулар мен болжамдар дайындау жөнінде шарттар жасасуға;

6) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. Агенттіктің мүлкі

13. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Агенттікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Агенттіктің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

16. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Агенттік төрағасының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бір орынбасары болады.

17. Агенттіктің төрағасы Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауаптылықта болады.

18. Агенттіктің төрағасы осы мақсатта:

1) өз орынбасары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері

басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңдарға сәйкес Агенттіктің қызметкерлерін қызметке

тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен және өз құзыретінің шегінде Агенттіктің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

4) Агенттіктің бұйрықтарына қол қояды;

5) Агенттіктің құрылымын және Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

<*>

6) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Агенттіктің атынан өкілдік етеді;

7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093

қаулысымен.

P991093_

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

26 сәуірдегі

N 475 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті

қолдау жөніндегі агенттігінің
қарауындағы ұйымдардың
Тізбесі

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.